

Перспективалық жоспар
2021 жыл Қыркүйек айы
Ересек топ

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: Балаларға балабақша, балабақша ішіндегі тәртіп, балабақша жиһаздары, бөлмелері туралы түсінік беру. Балабақшаға деген сүйіспеншілікке баулып, ондағы жаңа достарына деген жағымды, дұрыс қарым қатынасқа тәрбиелеу; балабақша туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған түрлі ойын түріндегі жағдаяттар туғызу; балабақша туралы түсінік беру, топ ережелерімен, балабақша тәртібімен таныстыру. Балабақша қызметкерлерімен таныстырып, олардың атқаратын қызметтері туралы білімдерін нақтылау.

	Денсаулық (3сағат)	Қатынас (2 сағат) Сөйлеуді дамыту (1сағат) Көркем әдебиет(0.5сағат) Орыс тілі(0,5)	Таным(2.5) Математика негіздері(1сағат) Жаратылыстану (1 сағат) Құрастыру(0,5сағат)	Шығармашылық (3) Сурет салу(1сағат) Жапсыру(0,25сағат) Мүсіндеу(0,25сағат) Музыка(1.5сағат)
Дағдылар	Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын меңгереді. Бірлескен ойындарда қарапайым ережелерді сақтайды. Салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі, ересектердің көрсетуімен шынықтыру элементтерін орындайды	Ересектердің сөзін түсінеді. Сұрақтарды тыңдайды, оларға жауап береді. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Сөздердің қалай айтылатынын тыңдап, оларды анық айтады. Барлық қимылдарды, заттар мен құбылыстарды, олардың белгілері мен сапасын атайды. Табиғаттың тірі және өлі нысандарын бақылау, суреттерді, заттарды қарастыру кезінде сұрақтарға дұрыс жауап береді. Кейіпкерлердің мінезін жеткізу үшін интонациялық мәнерлеудің қарапайым түрлерін қолданады. Түрлі оқиғаларға, кейіпкерге өзінің қарым-қатынасын білдіреді	Салыстыру (қатар қою, беттестіру) тәсілімен заттарға тән айырмашылықтарды таниды және атайды. Табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және атайды. Бағдаршам белгілерін түсінеді және атайды. Өртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, құрылыс материалдарын қолдана біледі. Оның негізгі бөлшектерін біледі және атайды. Ересектердің көмегімен өсімдіктерді күтіп баптау бойынша қарапайым еңбек дағдыларын орындай алады. Уақыт, кеңістік туралы қарапайым түсініктерін көрсете алады. Таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады. Қызықты ақпаратты анықтайды	Музыкалық шығарманың қарқынын, жоғары дыбыстарды ажыратады, әуеннің басы мен соңына назар аударады. Бейнелеу әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игереді. Бейнелеу өнерінің түрлеріне қызығушылық танытады, материалдарды ұқыпты қолданады.
1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру .	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Балабақша» өлеңі Е. Ашықбаев мақсаты: Балалар өлеңді тыңдайды, мәнерлеп айта	Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша ауласындағы ағаштар». ҰОҚ мақсаты: Балабақша ауласындағы және маңайдағы ағаштарымен танысады; оларға күтім жасайды.	Музыка Маман жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: «Түзу жолда, мен жүремін тура»

		алады.		ҰОҚ мақсаты: Балалар түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе біледі. Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтар артады. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыланады.
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақшадағы менің достарым» ҰОҚ мақсаты: Достық туралы түсінеді; достарының атын атай біледі. Сүйіспеншілік сезімдері қалыптасады	Математика негіздері Тақырыбы: «Күндіз. Бір – көп» ҰОҚ мақсаты: Күндіз – тәулік бөлігімен танысады; дөңгелек туралы түсініктері қалыптасады, заттарды көлеміне қарай салыстыра біледі Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер» ҰОҚ мақсаты: Күз туралы білімдері толығады, көкөністер мен жемістерді сипаттай біледі. Байланыстырып сөйлеу тілдері, сөздік қорлары молайады. Құрастыру Тақырыбы: «Балабақша ғимараты» (құрылыс материалдарынан құрастыру) ҰОҚ мақсаты: Құрылыс материалдарынан балабақша ғимаратын құрастырады. Үлкен құрылыс материалынан екі қабатты ғимарат құрастыруға дағдыланады.	Жапсыру Тақырыбы: Қуыршаққа арналған шкаф ҰОҚ мақсаты: Тұрмыстық заттар туралы түсінеді. Дайын пішіндерден заттарды бейнесін жасайды. Жиһаздарды ұқыптылықпен ұстайды. Сурет салу Тақырыбы: «Менің доптарым» ҰОҚ мақсаты: Балалар ойыншықтардың, дөңгелек пішінді заттардың суретін салады. Дөңгелек затты –доптың суретін салады. Шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиеленеді
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Топ бөлмелері» ҰОҚ мақсаты: Топ бөлмелерін, топтағы заттарды ажыратып айтады, дұрыс күтуге үйренеді. Сөздік қорлары мағыналы сөздермен байиды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар» өлең	Математика негіздері Тақырыбы: Кеш. Үлкен – кіші. Біреу – көп» ҰОҚ мақсаты: Тәулік бөлігі – түнмен танысады; заттарды салыстыруды үйренеді; Бір зат қайда көп зат қайда тұрғанын ажыратады. Жаратылыстану Тақырыбы: Тақырыбы: «Табиғат бұрышы» ҰОҚ мақсаты: Табиғат бұрышындағы	Сурет салу Тақырыбы: «Сүйікті ойыншығым» ҰОҚ мақсаты: Балалар ойыншықтардан, кірпіні бейнелеп, дөңгелек пішінді заттар құрастырып, суретін салады. Ойыншықтарды сипаттап беруге үйренеді Ойыншықтарды ұқыпты қарайды.

		Н.Әлімқұлов ҰОҚ мақсаты: Олең мәтінің түсінеді. Ойыншықтардың түрлерін ажырата алады. Ой-өрістері дамып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиеленеді. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	өсімдіктерді бақылайды. Оларды күтіп баптауға дағдыланады. Табиғатты сүйуге тәрбиеленеді.	
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақша ауласында» ҰОҚ мақсаты: Суретке қарап әңгіме құрастыру дағдылары қалыптасады. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдылары дамиды. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру Тақырыбы: «<i>Менің сүйікті ойыншығым-құрастырғыш</i>» ҰОҚ мақсаты: Құрастырғыштармен танысады, берілген құрастырғыштар көмегімен қол маторикасын дамиды, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарап үйренеді. Математика негіздері Тақырыбы: «Түн. Біреу – көп. Дөңгелек» ҰОҚ мақсаты: Тәулік бөлігі – түнмен танысады; заттар жиынын салыстыруды үйренеді; бір зат қайда көп зат қайда тұрғанын ажыратады.	Мүсіндеу Тақырыбы: «Топтағы доптар. (заттық)» ҰОҚ мақсаты: Доп туралы жалпы түсініктері кеңейеді. Ермексازдан жұмыр пішінді ойыншық доп жасайды; ойыншықтарды күтіп ұстайды. Сурет салу Тақырыбы: «Үй жиһаздары» (Сандық) ҰОҚ мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен танысады, сандықты қазақ оюларының кейбір элементтерімен безендіреді.
5 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Дыбыстарды айта білуге; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Көркем әдбиет Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға.	Математика негіздері Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Жаратылыстану Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімді қалыптастыру.	Сурет салу Заттық сурет салу.

Перспективалық жоспар

2021 жыл Қазан айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу. Отбасы алған білімдерін кеңейту, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» ҰОҚ мақсаты: «Менің отбасым» тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастырады. Балалардың сөздік қоры отбасы мүшелерінің мамандықтарының атауларымен байиды Көркем әдебиет Тақырыбы: Н.Исахметов «Әже». ҰОҚ мақсаты:: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай алады. Үлкендерді сыйлайды, көмек көрсетеді	Математика негіздері Тақырыбы: «Сол жақ – оң жақ. Заттарды салыстыру» ҰОҚ мақсаты: Сол жақ – оң жақ кеңістік түсініктері қалыптасады, өзінен тікелей бағытта кеңістікті ажырата біледі, заттарды салыстырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары». ҰОҚ мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдері кеңейеді. Олардың күту жолдарын, пайдасын айтып түсіндіреді.	Сурет салу Тақырыбы: «Бұлт күнді жапты» (сюжеттік сурет салу) ҰОҚ мақсаты: Дөңгелек пішінді заттардың суретін салады (Күн). Негізгі түстерді дұрыс атайды. Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игереді. Ұқыпты жұмыс істейді.
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анама көмектесемін» ҰОҚ мақсаты: Отбасы мүшелерінің міндеттері туралы әңгімелеседі. Тыңдау біліктері, байланыстырып сөйлеу дағдылары жетіледі. Отбасына деген мақтаныш сезімдері ашылады	Құрастыру Тақырыбы: «Лақтарға арналған қоршаулар» ҰОҚ мақсаты: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастырады, көп түсті құрылым жасау, құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, пішіні, түсі, шамасы бойынша таниды. Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік мезгілдері. Дөңгелек. Сол жақ – оң жақ» ҰОҚ мақсаты: Тәулік бөліктерімен танысады; өзіне тікелей байланысты кеңістікке орналасқан заттарды сөзбен белгілейді: сол жақта, оң жақта; дайын пішіндерді жапсыру түсініктері	Жапсыру «Күзгі жапырақтар» ҰОҚ мақсаты: Күз туралы түсініктері кеңейеді. Жапсыру дағдылары дамиды.. Сурет салу Тақырыбы:«Үйлер» (Сәндік сурет салу) ҰОҚ мақсаты: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдылары қалыптасады. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылықтары артады. Заттардың түсін айыра біледі. Саусақ маторикалары дамиды

			қалыптасады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер» ҰОҚ мақсаты: көкөністер (сәбіз, қияр, қызанақ, пияз, оражапырақ, картоп) мен жемістер (алма, алмұрт, апельсин, мандарин, лимон) туралы түсініктері кеңейеді. Көкөніс пен жемістерді ажыратып топтастырады, сөйлем ішінде жалпылауыш сөздерді қолданады.	
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үй жануарлары» ҰОҚ мақсаты: Үй жануарлары және олардың төлдерімен танысады, үй жануарларын ажыратады, ойын арқылы сөздік қорлары молайады Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі ҰОҚ мақсаты: Балалар ертегілер туралы түсінеді. Балалардың сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. Балалар жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра біледі. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Математика негіздері Тақырыбы: «Биік-аласа» ҰОҚ мақсаты: Т аныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші, биік-аласа) салыстыруды үйренеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы тіршілік» ҰОҚ мақсаты: Балалар табиғат бұрышындағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар туралы айтады. 2.Балалардың шығармашылық ойлау қабілеті, сөздік қоры көбейеді, ауызекі сөйлеулері дамиды.. .	Сурет салу Тақырыбы: «Алма мен өрік» ҰОҚ мақсаты: Балалар қиялын, зейінін дамыта отырып, дәстүрден тыс сурет салу тәсілдерін үйренеді. Жемістер суретін сала отырып, түстерді дұрыс таңдай білуге қалыптасады..Әдемілікке, әсемдікке, әдептілікке,тазалыққа тәрбиеленеді.
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: : «Менің бөлmem» ҰОҚ мақсаты: Балалар жиназдардың атауын дұрыс	Құрастыру Тақырыбы: « Көп қабатты үй» ҰОҚ мақсаты: Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдері кеңейеді, құрылыс материалын таңдай	Мүсіндеу Тақырыбы: «Қояндарға арналған сәбіз.» ҰОҚ мақсаты: Қоянның тіршілігі туралы балалар түсінеді.Сопақша

		атайды. Балалардың ой-өрісі кеңейеді, ойлау қабілеттері дамиды. Ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиеленеді. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	отырып көп қабатты үй құрастыра біледі. Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды салыстыру» ҰОҚ мақсаты: Балалардың үлкен - кіші, көп - аз туралы ұғымдары қалыптасады. Көп - аз, үлкен - кішіні ажыратып күнделікті өмірде қолдана біледі. Заттарды түстеріне, түрлеріне қарай ажыратып, салыстыруды меңгереді. Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттері артады Жаратылыстану Тақырыбы: «Күз ерекшеліктері» ҰОҚ мақсаты: Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктері қалыптасады. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйренеді.	пішінді және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуді үйренеді. Жануарларға деген қамқорлық сезімдері ашылады. Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған сақина» ҰОҚ мақсаты: Балалар сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттығады. Сақинаны салуда бояуды, сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйренеді. Сурет салуға қызығушылықтары артады
--	--	--	--	---

Перспективалық жоспар

2021 жыл Қараша айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, денешынықтыруға қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтына баулу. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы білімдерін кеңейтуге, жеке бас тазалығын сақтауға ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру. Балалар түрлі әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту.

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Дәрумендер әлемі» ҰОҚ мақсаты: Балалар дәрумендер және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінеді, сөздік қорлары молайады. Жемістер мен көкөністердің пайдасын айтады, түстері мен пішіндерін ажыратады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі) Корней Иванович Чуковский ҰОҚ мақсаты: Шығарма мағынасын түсінеді, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалайды, көркем сөйлеу қабілеттері, адам бойындағы жақсы қасиеттерді айтады.	Математика негіздері Тақырыбы: «Жоғары – төмен. Алыс – жақын». ҰОҚ мақсаты: Заттарды өзіне тікелей байланысты кеңістікте орналастырады . Бағытын ажыратып, атап көрсетеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр». ҰОҚ мақсаты: Балалар күз мезгілінде болатын өзгерістердің бірі – күзгі жаңбыр туралы түсінеді. Тақырып төңірегінде әңгімеге тарта отырып, сөздік қорлары жаңа сөздермен толығады	Сурет салу Тақырыбы: « Күн шуағы» ҰОҚ мақсаты: Күн жайлы мәлімет алады, күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретінін түсінеді, күннің суретін пуантилизм әдісі арқылы салады, қиялдары дамиды.
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күз сыйы» ҰОҚ мақсаты: Көкөністермен жемістерді танып ажыратады.«Ғажайып қалта» ойынын ойнату арқылы ойлау қабілеттері, сөздік қорын дамиды.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу – көп. Үшбұрыш» ҰОҚ мақсаты: Жаңа геометриялық фигура – үшбұрыш туралы ұғымдары қалыптасады; геометриялық фигураларды таниды және оларды атайды; үлкен – кіші, біреу – көп	Жапсыру «Ыдыстағы жеміс жидек» ҰОҚ мақсаты: Балалар жеміс-жидектер туралы түсініктерін нақтылайды; ыдысқа жеміс-жидектерді дұрыс орналастырады; желім қалдықтарын жою үшін майлықтарды пайдаланады. Сурет салу

			Құрастыру Тақырыбы: «Жайылымдағы қошақандар». ҰОҚ мақсаты: Балалардың саусақ бұлшық еттері жетіледі, қағазды умаждау арқылы қошақандарды қалай жасауға болатынын түсінеді, малдың төлдеріне қамқорлық жасайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі ағаштар» ҰОҚ мақсаты: Балалар назарын ағаштың негізгі бөліктеріне аударады (діңі, бұттақтары, жапырақтары); ағаш туралы түсінеді. Балалардың табиғатқа деген қамқорлық сезімдері одан әрі оянады. Табиғатты сүйе білуге, оның бұттақтарын сындырмау керек екенін ұғады.	Тақырыбы« Әдемі көйлек» ҰОҚ мақсаты: Көйлек үлгісін әшекейлейді. Қазақ ою-өрнектері элементтерінің суретін салып дағдыланады. Қылқаламмен сурет салу дағдылары қалыптасады. .Эстетикалық талғамдары артады.
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тазалық – денсаулық кепілі» ҰОҚ мақсаты: Мәдени-гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы айтады. Өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібін сақтайды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тазалықтың досы» А. Меңжанова ҰОҚ мақсаты: Балалар жеке басының күтіміне көңіл бөледі,	Математика негіздері Тақырыбы: «Алдында – артында. Жоғары – төмен.» ҰОҚ мақсаты: Суретте және өзіне тікелей жақын кеңістікке орналасу бағытын ажыратады және атап көрсетеді (алдаында – артында, жоғары – төмен) Заттардың өзара орналасуын орнын ажыратады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрумендер пайдасы» ҰОҚ мақсаты: Балалар көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастырады. Адамның	Сурет салу Тақырыбы: Саңырауқұлақтар (заттық сурет салу). ҰОҚ мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктері қалыптасады, сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға дағдыланады. Эстетикалық талғамдары дамиды.

		күн тәртібіне үйреніп дағдыланады, тазалыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Сөздік қорларын байытып өз ойларын толық әрі мәнерлі етіп жеткізеді. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	денсаулығына пайдасы жайында түсінеді	
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз дәрігерге қонаққа барамыз» (Саяхат сабақ) ҰОҚ мақсаты: Балалар медициналық бөлмелермен және дәрігер құралдарымен танысады. Үлкендердің айтқаның аяғына дейін тыңдап, естеріне сақтайды. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру Тақырыбы: «Үйлер». ҰОҚ мақсаты: Құрылыс материалдарын пайдаланып бір немесе көп қабатты үйлерді және мұнараларды құрастырады, олардың өзара қатынасы мен ерекшеліктеріне сәйкес құрастыру дағдылары қалыптасады. Математика негіздері Тақырыбы: «Биік –аласа, қалың-жұқа» ҰОҚ мақсаты: Биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар қысқа қалай дайындалады?» ҰОҚ мақсаты: Жыл мезгілдеріне сәйкес жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер туралы білімдері қалыптасады. Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар олардың тіршілігі туралы түсініктері кеңейеді.	Мүсіндеу «Қоянға арналған сәбіз.» ҰОҚ мақсаты: Балалар ермексаз бөліктерін алақандарына салып еседі, әртүрлі форманы қалыптастыра білуді үйренеді; мүсіндей білу қабілеттері, логикалық дамулары қалыптасады. Сурет салу Тақырыбы:«Кесені әшекейлейміз» ҰОҚ мақсаты: Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктері қалыптасады . Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою - өрнек элементтерін пайдаланып салады. Тазалыққа, ұқыптылыққа үйренеді

Перспективалық жоспар

2021 жыл Желтоқсан айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу ой өрісін дамыту. Еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанына деген мақтаныш сезімін ояту, балалардың елін жерін сүйуге қадірлеуге тәрбиелеу. Балалардың қала, ауыл және Астана туралы түсініктерін тиянақтау.

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің Отаным» ҰОҚ мақсаты: Балалардың Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктері оянады. Сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтары артады.	Математика негіздері Тақырыбы: « Үшбұрыш. Шаршы. Дөңгелек» ҰОҚ мақсаты: Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекті айыра біледі және атайды; Көру және ұстап көру арқылы пішіндерді зерттеуді жалғастырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» ҰОҚ мақсаты: Гүлдің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтады, оларды баптап күту ережелерімен танысады. Қазтамақ, шегіргүл гүлдері туралы айтып, оларды бір – бірінен ажыратады ,күту ерекшеліктерімен танысады .	Сурет салу Тақырыбы: «Алғашқы қар» ҰОҚ мақсаты: Қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауғанын бақылайды. Дәстүрден тыс сурет салу әдісін пайдаланып қарды салады. (пва клей, тұз)	
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Туған өлкем» ҰОҚ мақсаты: Өзі тұратын жері туралы түсінеді. Өзі тұратын қаланың көрікті жерлерінің атауларын атайды, сөздік қорлары	Математика негіздері Тақырыбы: «Сықырлы пішіндер» ҰОҚ мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдері қалыптасады, пішіндерді	Жапсыру Көкбайрақ ҰОҚ мақсаты: Туған елінің рәміздері туралы айтады. Желіммен тиянақты, таза жұмыс жасауды,	

		дамиды. Отанына деген сүйіспеншіліктері оянады.	ажыратып айтады, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр – түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыланады. Балалардың ой - өрісі, қол моторикасы, логикалық ойлау қабілеттері ойын арқылы дамиды, зейіндері, белсенділіктері артады. Құрастыру Тақырыбы: «Балабақша ғимараты». ҰОҚ мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырырып құрастырады. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізу дағдылары қалыптасады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс қызығы» ҰОҚ мақсаты: Қыс мезгілі қар қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсініктері қалыптасады. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсінеді; Өр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады.	желімдеуді игереді. Таза, ұқыпты жапсырады. Сурет салу Тақырыбы: «Бәйтерек монументі» ҰОҚ мақсаты: Бәйтеректің суретін салады. Бояу түсін таңдап сурет салуға қызығушылықтары артады.	
		Сөйлеуді дамыту			

3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Тақырыбы: «Бас қала – Нұрсұлтан» ҰОҚ мақсаты: Еліміздің бас қаласы Нұрсұлтан туралы мәлімет алады. Нұрсұлтан туралы тақпақ жаттайды. Патриоттыққа сезімдері оянады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Кімнің мекені жақсы» ертегісі. С. Жүнісов ҰОҚ мақсаты: Ертегіні түсінеді, кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін айтады. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды салыстыру. Оң жақта, сол жақта» ҰОҚ мақсаты: Заттарды салыстырады. кеңістікті бағдарлай біледі (оң жақта-сол жақта), есте сақтау қабілеттері артады.		Қоршаған орта Тақырыбы: «Менің қалам» ҰОҚ мақсаты: Қазақстан қалалары туралы біледі. Талдықорған қаласы туралы айтады. Туған өлкесіне деген сүйіспеншіліктері оянады
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қыс» өлеңі. А Құнанбаев ҰОҚ мақсаты: Балалар қыс мезгілінің ерекшеліктерін өлең жолдары бойынша түсінеді. Қыс туралы білімдері бекиді, сөздік қорлары байды. Өлеңді мәнерлеп айтуға дағдыланады. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру Тақырыбы: «Көпір» ҰОҚ мақсаты: Балалар көліктер құрастыру арқылы қол-моторикалары дамыйды, ойлау қабілеттері дамыйды. Балалар ұқыптылықпен, әдемі және көркем құрастырастырады. Математика негіздері Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер. Үшбұрыш» ҰОҚ мақсаты: Балалар дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндермен танысады, оларды ажыратады. Кеңістікте	Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша ойыншықты» (Сәндік) ҰОҚ мақсаты: Жаңа жыл, шырша, ойыншықтары туралы жалпы түсінік алады; Өртүрлі пішіндерді мүсіндейді. Шығармашылық қабілеттері дамиды. Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отпашу» ҰОҚ мақсаты: Балалар мерекелік салтанатты шерулердің мәнін түсінеді. Мерекелік отпашуды салуды	

			үшбұрышқа ұқсас заттарды табады.. . Жаратылыстану Тақырыбы«Суық торғай» ҰОҚ мақсаты: Қыстап қалатын суық торғаймен танысады. Құстар туралы білімдері жетіледі. Қамқорлық жасай алады.. .	үйренеді. Шығармашылық қиялдары дамиды.	
5 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу Көркем әдбиет Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға.	Математика негіздері Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Жаратылыстану Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімді қалыптастыру.	Сурет салу Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.	Қоршаған орта таныстыру Қазақ және басқа халықтардың тұрмыс заттарымен таныстыру.

Күтілетін нәтижелер	-жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындай алады; -негізгі қимыл түрлерін орындайды; -биік емес төбешіктен сырғанайды, бір-бірін сырғанатады; - үш дөңгелекті тебудің дағдыларын меңгерген; -өз-өзіне қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты	Сөйлету дамыту - дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады; -дұрыс сөйлеу қарқынына ие; - қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді; -барлық сөз таптарын қолданады; -қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; -сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады.	Математика негіздері - бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады; -біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады; -заттарды қатарға реті, шамасы бойынша оң қолымен солдан оңға қарай қояды; -екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру	Сурет салу -сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; -сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; -негізгі түстерді дұрыс атайды; -қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыра алады; -пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салудың	Қоршаған орта таныстыру -отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; - мазмұнды-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды; -қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды; - көлік құралдарын атайды; -балабақша, балабақша
----------------------------	--	---	--	--	--

	өмір салты туралы түсініктерге ие.	Көркем әдебиет -әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; -бейнелі сөздерді қолданады; -таныс ертегілерді сахналауға қатысады; -әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтайды; -сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; -таппақтарды, өлеңдерді мәнерлеп оқиды.	арқылы салыстырады; -геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады; -тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды. Жаратылыстану -ауа-райының жағдайын анықтай алады; -туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы ұғымдарға ие; -кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; -жануарлар мен олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша ажыратады және атайды; -құстардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерге назар аударады; -табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қызығушылық танытады; -табиғатта өзін ұстай білу ережелері туралы біледі. Құрастыру -әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі; -құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; өзі құраған құрылысын қуыршақтың, ойыншықтардың	дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады. Мүсіндеу -сазбалшықтың, ермексаздың және қамырдың кейбір қасиеттерін біледі; -мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; -1-3 бөліктен тұратын заттарды жая алады; -мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игерген. Жапсыру -желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; -бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; -ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; -оюдың әсемдігін, орналасуын байқайды, оларды бөліктерге бөледі; -желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдаланады. Музыка -таныс әндерді, пьесаларды біледі; -музыканың сипатын сезінеді: ән, марш; -музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың	қызметкерлері туралы түсінігі бар; -өздері тұратын қала мен ауыл туралы, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие.
--	------------------------------------	--	--	---	---

			өлшемдерімен үйлестіреді; - сюжеттік ойын міндеттерін пайдалана отырып, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастыра алады; -түрлі тәсілдерді пайдаланып, қағаз беттерін түрлендіреді.	дыбысталуын ажыратады; -билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды.	
Пайдаланған әдебиеттер 1. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы					

Перспективалық жоспар
2022 жыл Қаңтар айы
Ересек топ

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балаларға әр аңның атын,балаларын ажыратып дұрыс атауға үйрету. Олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін, арттырып оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу

	Денсаулық (3сағат)	Қатынас (2 сағат) Сөйлеуді дамыту (1сағат) Көркем әдебиет(0.5сағат) Орыс тілі(0,5)	Таным(2.5) Математика негіздері(1сағат) Жаратылыстану (1 сағат) Құрастыру(0,5сағат)	Шығармашылық (3) Сурет салу(1сағат) Жапсыру(0,25сағат) Мүсіндеу(0,25сағат) Музыка(1.5сағат)
Дағдылар	Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын меңгереді Бірлескен ойындарда қарапайым ережелерді сақтайды. Салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі, ересектердің көрсетуімен шынықтыру элементтерін орындайды.	Ересектердің сөзін түсінеді. Сұрақтарды тыңдайды, оларға жауап береді. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Сөздердің қалай айтылатынын тыңдап, оларды анық айтады Барлық қимылдарды, заттар мен құбылыстарды, олардың белгілері мен сапасын атайды. Табиғаттың тірі және өлі нысандарын бақылау, суреттерді, заттарды қарастыру кезінде сұрақтарға дұрыс жауап береді. Кейіпкерлердің мінезін жеткізу үшін интонациялық мәнерлеудің қарапайым түрлерін қолданады. Түрлі оқиғаларға, кейіпкерге өзінің қарым-қатынасын білдіреді.	Салыстыру (қатар қою, беттестіру) тәсілімен заттарға тән айырмашылықтарды таниды және атайды. Табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және атайды. Бағдаршам белгілерін түсінеді және атайды Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, құрылыс материалдарын қолдана біледі. Оның негізгі бөлшектерін біледі және атайды. Ересектердің көмегімен өсімдіктерді күтіп баптау бойынша қарапайым еңбек дағдыларын орындай алады. Уақыт, кеңістік туралы қарапайым түсініктерін көрсете алады. Таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады Қызықты ақпаратты анықтайды.	Музыкалық шығарманың қарқынын, жоғары дыбыстарды ажыратады, әуеннің басы мен соңына назар аударады. Бейнелеу әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игереді. Бейнелеу өнерінің түрлеріне қызығушылық танытады, материалдарды ұқыпты қолданады.
1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқы табиғат» ҰОҚ мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайылы айтады. Сурет бойынша әңгімелеу	Математика негіздері Тақырыбы: «Сандар еліне саяхат» ҰОҚ мақсаты: Балалар тез санайды,цифрларды атайды және	

		арқылы балалардың сөздік қоры молайады. Логикалық сұрақтарға жауап береді, ойын арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі Аяз» ертегісі. ҰОҚ мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін атайды және олардың жағымды, жағымсыз іс-әрекеттерін айтады.	сандарды ретімен қою біліктері бекиді. 1-ден 5-ке дейін тура және кері санайды Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» ҰОҚ мақсаты: Балалардың бөлме гүлдері туралы түсінігі кеңейеді. Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылықтары оянады, байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлықтары дамиды. Бөлме гүлдеріне қамқор болады	
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қуыршақ серуенге шығады» ҰОҚ мақсаты: Қысқы киімдермен танысады (киім, аяқ киім); сөздерде дауысты және кейбір дауыссыз (п-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-ц) дыбыстарды анық айтады.	Құрастыру Тақырыбы: «Қар жауып тұр» ҰОҚ мақсаты: Қағазды умаждау арқылы жауған қарды жасайды, ұсақ қол моторикалары дамиды. Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзын-қысқа. Беттестіру және тұтастыру тәсілдері. ҰОҚ мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді» ҰОҚ мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы түсініктері қалыптасады, қыс мезгіліндегі табиғатты бақылайды.	Жапсыру Тақырыбы: «Шыршамызды әсемдейік» ҰОҚ мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы білімдері дамиды, заттардың пішіні мен көлемін ескере отырып заттарды орнымен орналастырады.. Сурет салу Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар» ҰОҚ мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдері кеңейеді. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінеді. Ағаштардың бейнесін дұрыс бейнелейді, дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы, суретке қарап әртүрлі түстерді байқайды, олардың түсін ажыратады, ойлау қабілеттері дамиды.
		Сөйлеуді дамыту	Математика негіздері	Сурет салу

3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Тақырыбы: «Менің сүйікті мысығым» (әңгіме құрастыру). ҰОҚ мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастырады Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдері оянады. Сөздік қорлары ойындар мен жаттығулар арқылы байиды Көркем әдебиет Тақырыбы: «Суретші қыс» өлеңі К.Нүсіпбеков ҰОҚ мақсаты: «Суретші қыс» өлеңімен танысады, есте сақтау қабілеттері дамиды, сөздік қорлары артады. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Тақырыбы: «Заттардың ұзындығы бойынша салыстыру; Шеңбер. ҰОҚ мақсаты: Әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша салыстырады, бірдей ұзындықты табады, шеңберді табады, шеңберге ұқсайтын заттарды кеңістіктен табады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Пияз егу». ҰОҚ мақсаты: Пияздың бөлме жағдайында өсуі туралы, тұқымы туралы түсінеді, табиғат бұрышындағы тірі өсімдіктерге күтім жасау дағдылары жетіледі.	Тақырыбы: «Аққала» ҰОҚ мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктері кеңейеді; аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір-бірімен қосу арқылы салады, сурет салуға қызығушылықтары артады
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқы ойындар» ҰОҚ мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдері кеңейіп, сөздік қорлары байиды. Сұраққа нақты жауап береді, сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйренеді. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтады. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата алады. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру Тақырыбы: « Қар мен аққала». ҰОҚ мақсаты: Жіппен жұмыс жасайды, қиылған жіптерден аққаланың бейнесін жасауда саусақ қимыл қозғалыстары дамиды, ұқыпты жұмыс істей алады Математика негіздері Тақырыбы: « Жоғары- төменде. Алыс- жақын. Логикалық тапсырма». ҰОҚ мақсаты: таңертең- тәулік бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолданады; таныс заттарды көлеміне қарай санына қарай салыстырады. Жаратылыстану	Мүсіндеу Тақырыбы: «Ақ қоян» ҰОҚ мақсаты: Балалар бөлікті қосып, оларды біріктіруге, оңай заттарды мүсіндеуге, оларды бөлшектермен толықтырады (тұмсық, көздер, құлақтар, кішкене табан). Ермексазды алақанның арасында айналма қимылдармен жасау дағдылары жетіледі Сурет салу Тақырыбы: «Шырша шамдарын жағамыз» ҰОҚ мақсаты: Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып, берілген суретті жалғастырып саусақтарымен, таяқшаға оралған мақтамен сурет салады;

			Тақырыбы: «Жабайы аңдар» ҰОҚ мақсаты: Балалар жабайы аңдармен танысады. Аңдар туралы мағлұмат алады. Аңдардың өмір сүру ортасын, олардың немен қоректенетінін айтып түсіндіреді. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдері оятып, оларға қамқорлықпен қарайды	саусақтарының икемділіктері артады; әсемдікті сезіне біледі, сурет салуға деген қызығушылықтары артады.
--	--	--	--	--

Перспективалық жоспар

2022 Ақпан айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларын сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етеді

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көліктер» ҰОҚ мақсаты: Көліктердің түрлерімен танысады. Автобус, трамвай, жедел жәрдем, өрт сөндіруші, ұшақ, зымыран, кеме, т.б көліктердің қызметі жөнінде түсінік алады; Адам өмірі мен еңбегінің жеңілдететін көліктің маңызын айтады Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көңілді көліктер» әңгіме ҰОҚ мақсаты: Көліктер қызметін айта біледі, сөздерді анық айтады, есте сақтау қабілеттері, мазмұнын айтуға дағдылары қалыптасады	Математика негіздері Тақырыбы:«Ғажайып математика» ҰОҚ мақсаты: Сандарды санайды, салыстырады, геометриялық пішіндер туралы білімдері бекиді, ойлау қабілеттері, қиялы, есте сақтау, сұрақтарға толық жауап беру дағдылары қалыптасады. Жаратылыстану Тақырыбы:«Бөлме өсімдіктерін күту». ҰОҚ мақсаты: Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері айтады. Қазтамақ, фикус, кактус гүлдері туралы айтып, оларды бір – бірінен ажыратады және күту ерекшеліктерімен танысады . Гүлдің атауларын,сырт келбетін,жеке бөлшек атауларын дұрыс айтады, оларды баптап күту ережелерімен танысады.	Сурет салу Тақырыбы: «Автобус» мақсат: Көлемі бойынша олардың олардың арақатынасын ескереді,көліктерді бейнелейді.Суретте ашық және солғын түсттерді пайдаланады
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Электротехника әлеміне саяхат» ҰОҚ мақсаты: Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы айтады. Олардың атқаратын қызметімен танысады. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдері дамиды. Балалардың сөздік қорлары артады.	Құрастыру Тақырыбы: « Үй жануарларына арналған қоршаулар» ҰОҚ мақсаты: Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастырады және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қоршаулар жасай алуға дағдыланады. Үй жануарлары туралы қарапайым түсініктер береді және оларға қамқорлық	Жапсыру Тақырыбы: «Өлі және тірі табиғат» ҰОҚ мақсаты: Өлі және тірі табиғат заттарымен композиция құрады, ұжымдық жұмысқа араласады. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдейді, алдымен қағаз бетінде

			жасай біледі. Математика негіздері Тақырыбы: «Тұрмысқа қажетті заттар әлемі» ҰОҚ мақсаты: Заттарды қалыңдығы, биіктігі бойынша салыстырады. Заттарды сандармен сәйкестендіреді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көрінбейтін ауа» ҰОҚ мақсаты: Ауаны байқау тәсілдерін көреді. Ауаның қасиеттерімен оның адам және жануарлар мен өсімдіктердің өміріндегі рөлімен танысады. Тәжірибе жасауға қызығушылықтары артады.	заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу дағдылары қалыптасады. Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың мойын орамалы» (Заттық) ҰОҚ мақсаты: Қуыршаққа арналған төртбұрышты орамалдың суретін салады; Дәстүрлі емес сурет салу түрлерімен танысады (паралонмен бастырып сурет салу, көкөністер бастырмасы); қағаз бетінде бағдарлай білу қабілеттері дамиды.
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» ҰОҚ мақсаты: Балаларға түрлі мамандықтар туралы түсінік беру арқылы бұрын беймәлім мамандықтар жайлы жалпы ұғымдары қалыптасады; Балалар мамандықтардың пайдалы жақтарын айтады, олардың бәрі адам мүддесі, қоғам мен халыққа қызмет етуші екендігін түсінеді. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі. ҰОҚ мақсаты: Ертегіні түсінеді, кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін айтады..	Математика негіздері Тақырыбы: «Дене мүшелері. Жуан – жіңішке» ҰОҚ мақсаты: Өз дене мүшелерінің орналасуын айыра алады: бас, аяқ, қол; Өз айналасында заттарды бағдарлайды: оң жақ – сол жақ; қалыңдығы бойынша салыстырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жол тазалаушы көліктер» ҰОҚ мақсаты: Көліктер туралы түсінеді, Қыс мезгілінде көліктерге күтім қалай жасалатынын біледі.	Сурет салу Тақырыбы: «Теледидар» ҰОҚ мақсаты: Балалар теледидардың пайдасы мен зияны туралы біледі. Тіктөртбұрыш арқылы теледидар салуға қолдары дағдыланады. Ойлау қабілеттері дамиды

		Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)		
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем» ҰОҚ мақсаты: Күн, ауа, су табиғат сыйы және олардың маңызы туралы айтады; табиғаттың әрбір бөлшегі адамзат баласы үшін байлық, қазына екенін, денсаулықты қорғаны екенін ұғады Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру Тақырыбы: «Тұрмыстық заттар» ҰОҚ мақсаты: Фетр материалдарын пайдаланып тұрмыстық заттар құрастырады. Математика негіздері Тақырыбы: «Оқу құралдары» ҰОҚ мақсаты: «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. Заттарды солдан оңға қарай орналастыру қабілеттері артиды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдардың тіршілігі» ҰОҚ мақсаты: Жыл мезгілдеріне сәйкес жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер туралы білімдері қалыптасады. Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар олардың тіршілігі туралы түсініктері кеңейеді.	Мүсіндеу Тақырыбы: «Құрылысшы құралдары» ҰОҚ мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндейді, оларды дұрыс біріктіріп, негізгі бөлігіне қысу арқылы дұрыс қосады Сурет салу Тақырыбы: «Асхана құралдары» ҰОҚ мақсаты: Заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет сала алады. Сурет салудың техникалық дағдылары жетіледі.

Перспективалық жоспар

2022 жыл Наурыз айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Салт-дәстүр мен фольклор»

Мақсаты: Балаларға халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын, салт дәстүрлерді бойларына сіңіру. Балаларды жан-жақты білімді болуға салт дәстүрді құрметтеуге сақтауға, қонақ жайлылыққа, әдептілікке тәрбиелеу

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көктем» өлеңі ҰОҚ мақсаты: Көктем мезгілін сипаттайды, балалар табиғат тамашаларымен танысады. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдері дамиды, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе біледі Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз» өлеңі Ә. Табылды ҰОҚ мақсаты: Өлең арқылы сөздерді анық айтады.	Математика негіздері Тақырыбы: «Көңілді саяхат» ҰОҚ мақсаты: "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажыратады; геометриялық пішінді заттарды түрлі заттардың ішінен сипап-сезу, көру арқылы табады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Теріден жасалған киімдер» ҰОҚ мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың терісінен жасаталатын киімдер туралы айтады, қазақтың ұлттық киімдері туралы мағлұмат алады; сөздік қорлары молайып, ұлттық сана-сезімдері оянады, ойлау және есте сақтау қабілеттері дамиды.	Тақырыбы: «Оюлы кесе» ҰОҚ мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ыдыс - аяқтарымен танысады. Кесені дәстүрден тыс жолдармен әшекейлейді. Балалардың саусақ икемдіктерін қалыптастыра отырып, суретке деген қызығушылықтары артады. Эстетикалық талғамдары қалыптасады.
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Салт – дәстүрді білемін» ҰОҚ мақсаты: Қазақстанда тұратын халықтардың салт-дәстүрлері туралы қысқаша әңгімелейді. Наурыз мерекесі туралы айтады.	Құрастыру «Қошқармүйіз» ҰОҚ мақсаты: Балалар «Қошқармүйіз» туралы айтады. Қағаз бөліктерінен дайындалған бөліктерді құрастырады. Балалардың қызығушылықтары оянады Жаратылыстану	Жапсыру «Торсық» ҰОҚ мақсаты: Ұлттық өнерге деген сүйіспеншіліктері артады. Қайшыны дұрыс ұстап жұмыс істеу қабілеттері дамиды; Торсық туралы мағлұмат алады. Сурет салу

		Балалардың сөздік қорлары ұлттық заттардың атауларымен байиды.	«Бәйшешек» гүлі ҰОҚ мақсаты: Көктемдегі ең алғаш қардың астынан шығатын гүл түрімен танысады; бәйшешек гүлі туралы мағлұмат алады; ақыл-ойлары дамиды	Тақырыбы: «Сандық» ҰОҚ мақсаты: 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдылары қалыптасады. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдері кеңейеді.
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бесік жыры» ҰОҚ мақсаты: Бесік жырын тыңдайды, сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айтады, тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйренеді. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз тойы» өлеңі Т.Молдағалиев ҰОҚ мақсаты: Халық өнеріне, Қазақстанда өмір сүретін халықтардың мәдениетіне қызығушылықтары дамиды. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Математика негіздері Тақырыбы: «Көңілді саяхат» ҰОҚ мақсаты: Кеңістіктегі заттарды сандармен сәйкестендіреді; уақытты бағдарлай алады. Пж ойын :«Бөлме заттары Жаратылыстану Тақырыбы: «Далада не өседі» ҰОҚ мақсаты: Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі, шөптесін өсімдіктердің 4,5 түрін жидектер, саңырауқұлақтар туралы білімдері қалыптасады.	Сурет салу Тақырыбы: «Құрақ көрпе» ҰОҚ мақсаты: Балалар түрлі үшбұрыштардан құралған құрақ көрпе бейнесін қарандашпен салады; үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыштың ішін қалаған ою түрлерімен безендіреді. Қазақтың тұрмыста қажет жабдығының бірі құрақ көрпемен танысады.
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру Құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану Математика негіздері Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ертегілердегі жануарлар» ҰОҚ мақсаты: Жабайы жануарлардың сыртқы белгілері мен әрекеттері і туралы біледі	Мүсіндеу Тақырыбы: «Бауырсақ» ҰОҚ мақсаты: Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құру дағдылары қалыптасады. Мүсіндеу техникасы жетіледі. Сурет салу Тақырыбы: «Ғажайып үй» ҰОҚ мақсаты: Балалар сүйікті ертегі кейіпкерінің бейнесін құруға үйренеді; олардың тұратын жерін

				біледі; сурет салуға қызығушылықтары оянады
5 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау Көркем әдебиет Халық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын білуге үйрету	1. Математика негіздері Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру Жаратылыстану Бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония, қырмызыгүл, қоңыраугүл және тағы басқа) олардың айырмашылықтары туралы білімді қалыптастыру.	Сурет салу Бейнелеу әрекетіне, халық шығармашылығының туындыларына деген қызығушылықты тәрбиелеу.

Перспективалық жоспар

2022 жыл Сәуір айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: Қарапайым еңбек дағдыларына, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеуді, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қатынасты; балалардың сөйлеуін, зейінін, қиялын дамытуды; мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен еңбекқор баламын» ҰОҚ мақсаты: Балалар еңбек, еңбексүйгіштік туралы түсініктері қалыптасады; еңбек ету дағдылары дамиды Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жалқаугүл мен Іскергүл» ертегісі ҰОҚ мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдері тереңдейді, сөздік қорлары байиды. Өз қалауымен, тәжірибіесіне сүйене отырып, ертегіні саханалай алады. Балалардың әдеби шығармаға деген қызығушылықтары дамиды. Балалар ауызбіршілікке, достыққа, татулыққа деген сезімдері оянады	Математика негіздері Тақырыбы: «Қызықты математика» ҰОҚ мақсаты: Балалардың сан және санау, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлау, уақытты бағдарлау бөлімі бойынша жыл бойына өткен білімдерін қайталайды; логикалық ойлау қабілеттері жетіледі; ойындар арқылы математика сабағына деген қызығушылықтары артып, шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйренеді Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктер әлемі» ҰОҚ мақсаты: Орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы ұғымдары қалыптасады. Табиғат бұрышындағы тірі нысандар мен өсімдіктерге күтім жасау дағдылары жетіледі.	Сурет салу Тақырыбы: «Бақбақ гүлі» ҰОҚ мақсаты: Балалар көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы айтады. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салады. Табиғатты сүйе біледі, жанашырлықпен қарайды
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ауылдағы адамдардың еңбегі» ҰОҚ мақсаты: Балалар ауылдағы	Құрастыру Тақырыбы: «Қанқыз» ҰОҚ мақсаты: Балалар қанқыз туралы түсінеді, қатты қағаздан	Жапсыру Тақырыбы: «Қоңыз» ҰОҚ мақсаты: Балалар өз жұмыстарының мазмұнын

		адамдардың еңбегімен танысады, ауылдағы басты еңбек түрін ажырата біледі. Жыл мезгілдеріне қарай еңбек түрлері және қолданылатын техника құралдары жайлы білімдері дамиды ;	қанқыз құрастырады Математика негіздері Тақырыбы: «Тәтті бәліштер» ҰОҚ мақсаты: Көлемі бойынша геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды анықтайды. 1-10 санауды қайталайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан қалай пайда болды» ҰОҚ мақсаты: Қарапайым зерттеуге қызығушылық пен әуестік таныту дағдылары жетіледі.	ойластырады. Бейнелеу үшін пішіні мен түсі лайық қағаздың кішкентай кесектерін іріктеу дағдылары қалыптасады. Шығармашылық, эстетикалық талғамдары қалыптасады. Сурет салу Тақырыбы: «Бидай» ҰОҚ мақсаты: Қыл қаламмен жұмыс жасау арқылы кеңістікті бағдарлайды, түстерін ажыратады, сурет салуға деген қызығушылықтары оянады.
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Құмырсқа» өлеңі. С. Қалиев ҰОҚ мақсаты: Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық , таза, әрі түсінікті дыбыстайды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа туралы» ертегі ҰОҚ мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып балалар бірге жұмыс жасайды. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасайды. . Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Математика негіздері Тақырыбы: «Жәндіктер мен қосмекенділер» ҰОҚ мақсаты: Жылдам, баяу ұғымдарымен танысады, салыстырады. Көлемдерін салыстырады, ерекшеліктерін атайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ормандағы жәндіктер» ҰОҚ мақсаты: Жәндіктердің атарын (қоңыз, көбелек, шыбын) атайды, кейбір жәндіктер туралы (құмырысқа) түсінік береді.	Сурет салу Тақырыбы: «Құстың ұясы» ҰОҚ мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың бейнесін салуда ұсақ бөлшектеріне, олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін біледі

4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Еңбек туралы мақал-мәтелдер» ҰОҚ мақсаты: Отбасы мүшелерінің кейбір еңбек әрекеттері туралы білімдері кеңейеді. Ересектердің еңбектерін қадірлейді, өздері еңбек етуге ынталанады.. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Құрастыру «Түрлі –түсті қызғалдақ» ҰОҚ мақсаты: Қағаздар оригами типі бойынша гүлдер құрастырастырады. Математика негіздері Тақырыбы: «Асхана құралдары» ҰОҚ мақсаты: Екі зат тобын салыстырады, аз топқа жетіспейтін затты қоса (немесе үлкен топтан затты ала) отырып шамамен 10 затты санайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Пияз бен шөп» ҰОҚ мақсаты: Пияздың және шөптің бөлме жағдайында өсуі туралы білімдері қалыптасады, арам шөптерді жұлу арқылы оларға күтім жасау дағдылары жетіледі	Мүсіндеу Тақырыбы: «Күрек» ҰОҚ мақсаты: Алақанның түзу қимылдарымен сопақ пішінге келтіріп, жаю дағдылары бекиді. Балалардың ынтасы, шығармашылық қабілеттері дамиды Сурет салу Тақырыбы: «Мен қандай көбелек көрдім?» ҰОҚ мақсаты: Балалар көбелек туралы түсінік алады. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс – тәсілі баспа әдісін қолдана отырып, көбелек суретін салады. Балалардың шығармашылық қызығушылықтары оянады,.Қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады.Жәндіктерге қамқор болуға, ұқыпты жұмыс жасай білуге деген дағдылары дамиды

Перспективалық жоспар

2022 жыл Мамыр айы

Ересек топ

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

1 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос Асан мен Үсен» халық ертегісі ҰОҚ мақсаты: Балалар өздерінің достары жайлы, олардың тартымды қылықтары мен неліктен өзін баурайтындығы жайлы әңгімелейді. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдылары қалыптасады.	Математика негіздері Тақырыбы: « Заттарды салыстыру» ҰОҚ мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» ҰОҚ мақсаты: Балалар табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы біледі .Қазтамақ пен фикус гүлі туралы айтып,оларды бір-бірінен ажырата алады, күту ерекшеліктерімен танысады. Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету алады	Сурет салу Тақырыбы: «Көктем ағашы» ҰОҚ мақсаты: Көктем мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдері оянады. Түстерді ажыратып, топтастыра білу қабілеттері дамиды. Кляксография әдісін қолдана отырып көктемгі ағаштың суретін салады
2 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту	Құрастыру Құрастыру «Шаңырақ» ҰОҚ мақсаты: Балалар шаңырақ туралы түсінеді. Қағаздан шаңырақ бөліктерін қиып, өру тәсілімен құрастырады.	Жапсыру Тақырыбы: «Қонжыққа арналған пирамида» ҰОҚ мақсаты: қоршаған орта және ойыншықтар туралы түсініктері кеңейеді; ойыншықтың келбетін көшіріп, аппликация жасайды; тілдері

			Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктемгі еңбек» ҰОҚ мақсаты: <i>Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар туралы айтады. Балалар көктемдегі пайдалы еңбек туралы түсінік алады. Балалар көктем мезгіліндегі еңбек түрлерімен таныстысады. Балалардың ақыл – ойын , тіл байлығы дамиды.</i>	дамиды. Саусақтың ұсақ бұлшық еттері жетіледі.ойыншықтармен ұқыпты ойнайды Сурет салу Тақырыбы: «Достық шаңырағы» ҰОҚ мақсаты: Алақанмен бастыру әдісі арқылы балалар сурет салады.
3 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көшбасшы» ҰОҚ мақсаты: Көшбасшылық қабілеттері оянады, білімді, дарынды, озық болуға, алған білімдерін қолданады. . Өз ойын дұрыс қалыптастыру қабілеттері дамиды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мен не білемін» ҰОҚ мақсаты: Ойын арқылы балалардың білімдері бекиді . Ойынға деген қызығушылықтары оянады. Білімдері жетіледі. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Математика негіздері Тақырыбы: «Сандар еліне саяхат» ҰОҚ мақсаты: Түрлі заттарды геометриялық пішіндермен салыстырады. Берілген сан бойынша заттарды санайды. (үш үйрек, бес көжек Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар арасындағы достық» ҰОҚ мақсаты: Достық ұғымдары кеңейеді, «дос» туралы мақал-мәтелдер жаттайды. Аңдар арасындағы достықпен танысып, көркем сөйлеу дағдылары қалыптасады	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» ҰОҚ мақсаты: Шығармашылық қабілеттері дамиды. Жеңіс мерекесіне арнап сурет салады.Үлкендерді сыйлайды, құрметтейді
4 Апта Оқу қызметінің мақсаты:	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жайлау көркі» ҰОҚ мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастырады, Жаз мезгіліне байланысты өлеңді тындап, түсінгендерін айтады. Орыс тілі (Маманның жоспары бойынша)	Математика негіздері Тақырыбы: «Менің бір күнім» ҰОҚ мақсаты: Балалар дұрыс 1-5 дейін дұрыс санайды . Берілген тапсырмалар арқылы балалардың ілімі, ақыл ойы дамиды; кеңістікті бағдарлай білуі жетіледі. Құрастыру Тақырыбы: «Менің балабақшам» ҰОҚ мақсаты: Қатты қағаздар	Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі моншақтар» ҰОҚ мақсаты: Ермексазды мүсіндеуге деген қызығушылықтары туады, ұсақ саусақ қол қимылдары дамиды, жұмыс барысында тазалыққа, жақсы нәтижеге жетеді ,әшекей бұйымдарды мүсіндеу дағдылары жетіледі.

			көмегімен балабақша құрастырады. Бөліктерді ретімен орналастырады. Қызығушылықтары оянады Жаратылыстану Тақырыбы: «Бау-бақша» ҰОҚ мақсаты: Жазда бау-бақшада өсетін жемістер мен көкөністерді ажыратады, үлкендердің еңбегімен танысып, еңбекке деген зейіндері ашылады.. нормаларын меңгереді.	Сурет салу Тақырыбы: «Кемпірқосақ» ҰОҚ мақсаты: Жаз мезгілінің қарапайым өзгерістерін бақылайды. Өз ойларынан сурет салу дағдылары арттады. Монотипия әдісі арқылы сурет салады.
--	--	--	---	---

Күтілетін нәтижелер	-негізгі қимылдарды орындайды; -бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады; -денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; -биік емес төбеден сырғанайды, бір-бірін сырғанатады; -үш дөңгелекті велосипед тебе алады;суға түседі, суда ойнайды; -мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.	Сөйлету дамыту -сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтайды; -тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады; -заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап береді; -қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады; -қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; -зат есімдер мен көмекші сөздерді қолданады "үстінде, астында, артында, жанында". Көркем әдебиет -шығарма жанрларын		Сурет салу -сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстай біледі; -түстерді таниды; -төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады; - күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі; -бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салады; -пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген. Мүсіндеу -сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық	
----------------------------	--	--	--	--	--

		(тақпак, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажырата алады; -оқиғаны эмоционалды қабылдайды; суреттер бойынша таныс шығармаларды атайды, олар бойынша сұрақтарға жауап береді; -өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтады; -ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.		танытады; -алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі; -мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндей алады (аққала, поезд, шарбақ, моншақ, сырға). Жапсыру -бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерген; -қағаздың қасиеттері жайлы біледі: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады; -белгілі ретпен түрлі пішінді, көлемді түстегі бөліктерді орналастырып, дайын бейнені қағазға жапсыра біледі; -ересектер дайындаған түрлі пішінді қағаз бетіне заттарды орналастырады; -дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастыруға қатысады; -ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдаланады. Музыка -музыканы тыңдау дағдысын меңгерген; -музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады; -әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді; -бір-біреуден, жұптаса	
--	--	---	--	---	--

				ауыса отырып, би қимылдарын орындайды, жануарлардың қимылдарын ұқсатады; -балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды; -музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.	
Пайдаланған әдебиеттер 1. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы					